

АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН!

Білмейтін байдан ба, жарлыдан
Дүниеге туып бір қалды ұлан
Туды да «білім» деп салды ұран
- Ашылып кең сарай алдынан
- Жас - бала - Әлкей Марғұлан,
Жер - көктің тарихын қамтыған,
Талайға теңдерді шандыған,
- Шешем - деп, тосыннан «салды лаң»
- Халайық боп қалды таң бұған –
Жас жігіт - Әлкей Марғұлан.

Даланы шарлаған тау барған
Қырлардың қыртысын аударған
Қираған құмыраға жұққан шаңдардан
Өлген қалалар сырын аңғарған
- Археолог - Әлкей Марғұлан.

Қос күмбез, төрт құлақ тамдардан
Сусыз бос қалған аңғардан
Құлағы тас болған шалдардан
Шымшымдап шындықты зорға алған.

Тарихшы - Әлкей Марғұлан.
Таңбалы жартастың жырынан
Қынаның бояуы қорыған
Орхон жазуын таныған
Асқан зеректік дарыған
- Филолог - Әлкей Марғұлан,

Салтанат, салқар көш сабылған,
Салт-сана, сәукеле салынған
Сан ғасыр күй тартқан салып ән
Хабардар қазақтың заңынан,
- Этнограф - Әлкей Марғұлан.
1

Жолынан жұмбақ, тылсым табылған
Ашпа, шетпе - деп олар жалынған
Белгісіз мекендер - ат, айдар тағылған
Радлов, Потанин табынған,
Географ - Әлкей Марғұлан!

Осынша ескіден арғыдан
Жаңағы жоқ әм бұдан.
Сөз айтса, жұртты естен таңдырған,
Кеңес - сұхбаттың бағын жандырған
Шежіре –шешен Марғұлан

Дауысын тарих шаңы қарыған
Сонау әлем шарлаған шағынан
Жылдардың жүйткіп жалынан,
Жетпіске киіктей қарғыған
Марқасқа - маңғаз Марғұлан.

Маңдайын көлеңке жүрмес маңынан
Оқымысты екенін ел айтпай таныған
Қазақтың қалың қауымынан,
«Жұлдыз» сәуле жарығынан,
Құттықтау сәлемін қабыл ал
Академик - Әлкей Марғұлан!